

МАМАНДЫҒЫМ- МАҚТАНЫШЫМ!



Нұразатова Аяулым 15-ГТК-2

Ісім оңсын десеңіз,

Сол істің маманы болыңыз.

Даңқым шықсын десеңіз,

Көпшіліктің адамы болыңыз.

(Әл-Фараби)

Өзіңнің есейіп 25 жасқа келгеніңді елестет: Не істеп жүргеніңді... Қандай іс атқарып жатқаныңды... Атқарып жатқан жұмысың өзіңе ұнай ма? Жұмысың өзіңе немесе айналадағы адамдарға пайдасы бар ма? Осы сұрақтарға мұқият ойлан. Неге дейсіз ғой, өйткені мамандық таңдау деген- өзің айналысқың келетін жұмысты таңдау ғана емес, өзің араласқың келетін ортаны да таңдау. Қазақ «Адам екі түрлі жағдайда қателеспей керек: бірі- жар таңдағанда, екіншісі – мамандық таңдағанда» деп бекер айтпаса керек.

Адамдар өздерінің таңдап алған болашақ мамандықтарына әртүрлі жолдар арқылы келеді. Біреулер үшін-ойға алған арманның орындалуы, келесі біреулер үшін- жаңалыққа, дербестікке деген талпыныс, енді біреулер үшін- әйтеуір бір мамандық алу керек.


**ЕСТЕ ЖОҚ ЕСКІ ЗАМАНДА МАМАНДЫҚТЫҢ ҚАЗІРГІДЕЙ ТҮР-ТҮРІ
БОЛМАДЫ. ДЕГЕНМЕН, ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕРГЕ ДЕП БӨЛІНЕТІН
ЖҰМЫСТАР БОЛҒАН. ЕРЛЕР АҢ АУЛАП, ҮЙ ТҰРҒЫЗЫП, ҚАРУ-
ЖАРАҚ ЖАСАСА, ӘЙЕЛДЕР ЖЕУГЕ ЖАРАМДЫ ӨСІМДІКТЕРДІ
ЖИНАП, ТАМАҚ ПІСІРГЕН, КИІМ-КЕШЕК ТІГІП, БАЛА ТӘРБИЕЛЕГЕН.**



**ЗАМАН ӨЗГЕРГЕН САЙЫН, АДАМ ДА ЖЕТІЛІП, НАРЫҚТЫҚ ҚАРЫМ-
ҚАТЫНАС ПАЙДА БОЛДЫ. ҚОҒАМ ДАМЫП, ДҮНИЕГЕ ТҮРЛІ
ЖҰМЫСТАР, ТҮРЛІ МАМАНДЫҚТАР КЕЛДІ.**



**ӘЛЕМДЕ 80 МЫҢҒА ЖУЫҚ ӘРТҮРЛІ МАМАНДЫҚТАР БАР. СТАТИСТЕРДІҢ
ЗЕРТТЕУІ БОЙЫНША ЖЫЛ САЙЫН 25 МЛН АДАМ ӨЗІНІҢ ЖҰМЫС ОРНЫН
АУЫСТЫРЫП, 12 ПАЙЫЗЫ ҚАЙТАДАН ӨЗ ОРНЫНА ҚАЙТЫП ОРАЛАДЫ ЕКЕН.
БҰДАН МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАУДА ӘР АДАМ ҚАТЕЛЕСІПТІ ДЕУГЕ БОЛА МА?**



Мен өз мамандығымды таңдауда мынадай мамандық таңдау факторларына сүйендім:

«Білгім келеді» - (қызығушылық, бейімділік).

«Қызығушылық» - қандай да бір саланы, құбылысты танып білуге, оны зерттеуге деген құмарлық.

«Бейімділік» - қандай да бір қызметпен айналысудағы икемділік.

«Қолымнан келеді» - (қабілет, денсаулық жағдайы).

«Қабілет» - адамның қандай да бір қызметті орындаудағы жеке – дара қабілеті, шығармашылық мүмкіндігі.

«Маған керек» - (қажеттілік, сұраныс)

Жоғарыда аталған «білгім келеді», «қолымнан келеді», «маған керек», «бейімділік» топтары бойынша барлық қасиеттері бойымда бар. Ал, «қызығушылыққа» келсек, бала кезден армандап, өзімше ізденіп, оқып-тоқып келе жатқан «өз хоббиім» де бар еді. Ол- Қазақстан аумағындағы сейсмикалық қауіпті аудандардың жер қыртысында болатын геодинамикалық үрдістер. Балалық шақтың тілімен айтсам, «жер сілкінісі қайдан пайда болады, еліміздің барлық жерінде жер сілкінісі ошағы бар ма, қатты дүмпу ұзақтығы, Жерсілкінудің өлшеу құралдары мен әдістері қандай?» деген сұрақтарға жауап іздеу еді. Осылайша, мен өз таңдауымды іштей дайындап жүргенде, «Жолы болар жігіттің, жеңгесі шығар алдынан» дегендей кешкілік үйге келген туысқан бір жеңгеміз елімізде «Серпін-2050» әлеуметтік жобасының іске асырылып жатқандығын айтпай ма?! Арманымға бір елі жақындай түскеніме қуанып, таңды көзбен атырып, «Серпін-2050» жобасының анық-қанығын білу үшін асықтым.

Жергілікті әкімшіліктен «Серпін-2050» жобасы білім беру мен жұмысқа орналастыру мәселесін қатар алып жүретіндігімен ерекшеленеді екен. Жоба Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатыр. Жобаны сөзсіз Үкімет қаржыландырады. Бұл жоба жастардың сапалы білім алып, тұрақты жұмыс табуына зор мүмкіндік береді «Серпін-2050» жобасы бойынша білім беру кезінде студенттер жұмыс берушілермен тікелей байланыста болады» деген ақпараттар алдым. Өз мақсатыма бір табан жақындап қалғандаймын. Ендігі мәселе, бұл «Серпін-2050» бағдарламасына іліну үшін қажетті жағдайлар мен құжаттар. Ол мәселе де оңай шешімі табыла кетпесі бар ма?! Себебі, жобаға тек Маңғыстау, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы облыстарының жастары қатыса алады екен. Ал, мен- Оңтүстік Қазақстанның арман қуған АЗАМАТЫ едім...



Міне, осылайша мен өзім армандаған мамандықтың бір шетін ұстап, «енді айырылмаспын» деп мақсатымның жібін ширата түстім. Өзімше «зерттеп келген» мамандығымды шырайлы шығыс өңірінен таптым. Бірден есіме, Шығыс Қазақстан облысындағы Зайсан ауданының Рожков ауылы 1990 жылғы жер сілкінісінің эпицентрі болғаны есіме түсті.

Мен осылайша өз мамандығым бойынша Елбасымыздың біздей жастарға жасаған қамқорлығының арқасында білім алуға қол жеткіздім. Жоба бойынша студенттер оқи жүріп түрлі өндіріс орындарында тәжірибеден өтеді, оқу мен тәжірибені сабақтастырады екен. Бұл –біздің еңбек нарығында сұранысымызды арттырмақ.

**БІЗ БІРІНШІ КУРСТАН БАСТАП, ГЕОАҚПАРАТТЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ
ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГ БАЗА ДЕРЕКТЕР
НЕГІЗІНДЕ, ЖЕР ҚЫРТЫСЫНДА БОЛАТЫН
ГЕОДИНАМИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІ КОМПЬЮТЕРЛІК
ҮЛГІЛЕУ ӘДІСТЕРІ МЕН ӨНДЕУДІ ҮЙРЕНУДІ
БАСТАДЫҚ. БҰЛ- МЕН ҮШІН ӨТЕ ҚЫЗЫҚТЫ ДА ҚИЫН
ЖОЛ.**



«Армандар оларға сенген жерлерде ғана орындалады» деп атақты француз ойшылы Дени Дидро айтқандай арман адамға керек, Армандасам бәрі болады екен деп қол қусырып отыра беруге тағы болмайды. Өз ісінің нағыз маманы атану екінің бірінің еншісіне бұйырмаған. Ол үшін алдымен мамандығыңызға деген махаббат керек. Махаббатпен істелген жұмыс қана нәтиже бермек. Сондықтан мамандығыңыз сүйікті ісіңізге айналсын демекпін!